



Амангазиева, М., Ертаева, П., Абдрахманова, Ж. (2024). Түркілік дүниетанымдағы космогониялық тәңірі атауының лексика-семантикалық сипаты. *Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi*, 7(2), 125-138.

ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ КОСМОГОНИЯЛЫҚ ТӘҢІРІ АТАУЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мерует АМАНГАЗИЕВА *

Перизат ЕРТАЕВА **

Жумазия АБДРАХМАНОВА ***


Түйіндеме: Мақалада тарихи сөздіктердің негізінде түркі тектес халықтар тіліндегі космонимдік тәңірі атауы және оның мағынасы туралы талдаулар сараланып, лексикалық, семантикалық сипаты қарастырылады. Аспан денелері атауларының тілдік және танымдық ерекшелігін айқындау, этнолингвистикалық және когнитивтік мәнін ашу арқылы сол кездегі халықтың дүниетанымы суреттеледі. Салыстыру барысында Түркі тілдерінің тарихын зерттеудің аса маңызды көздері негізге алынды – Орхон-Енисей, көне ұйғыр жазба ескерткіштері, ортағасырлық араб, парсы, түркі ғалымдарының еңбектері және XVIII ғасырдан бергі Батыс Еуропа мен орыс ғалымдары зерттеулері. Бұл еңбектердегі космонимдердің тілдік және танымдық ерекшелігін айқындаудың маңызы зор. Бұл ең алдымен космонимдік атаулардың этнолингвистикалық және когнитивтік мәнін ашуға көмектеседі деп пайымдауға толық мүмкіндік береді. Жалпы тілралық байланыс мәселесінің лингвистер тарапынан зерттеле бастағанына 200 жылдан астам уақыт өтіпті. Осы уақыт ішінде бұл мәселе жан-жақты тексеріліп, оның неше алуан құбылыстары мен түрлері тиісті теориялық шешімін тапқаны мәлім. Алайда, әрбір халықтың өзіндік тарихи даму жолу, басқа халықтармен араласу сипаты, өзіне ғана тән ерекшеліктерінің болатынына байланысты, бұл мәселені нақтылы тарихи лингвистикалық деректер негізінде зерттеуді талап етеді. Сондықтан мақалада түркі тілдері арасында – Алла, Құдай, Тәңірі деген үш атау да бір ғана жаратушы ұлы күш деген ұғымды білдіретін космогониялық Тәңірі атауына лексика грамматикалық талдау жасалды.

Кілт сөздер: лексикография, космоним, этимология, семантика, семасиология, теоним;


LEXICAL-SEMANTIC CHARACTERISTICS OF THE NAME OF COSMOGONIC GOD IN THE TURKIC WORLDVIEW

Abstract: On the basis of historical dictionaries, the analysis of the name of the cosmonymic god in the language of Turkic peoples and its meaning is differentiated, and its linguistic and semantic characteristics are considered. By clarifying the linguistic and cognitive features of the names of celestial bodies, revealing the ethnolinguistic and cognitive meaning, the world view of the people of that time is illustrated. During the comparison, the most important sources of the history of the Turkic languages were used as a basis - Orkhon-Yenisei, ancient Uighur written monuments,


* Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, m.amangazieva@asu.edu.kz

 ORCID ID: 0000-0001-8999-351X

** Нигде Өмер Халисдемир университеті, perizat.yertayeva@ohu.edu.tr

 ORCID ID: 0000-0002-6046-3651

*** Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, zm.abdrakhmanova@gmail.com

 ORCID ID: 0000-0003-1966-2367

works of medieval Arab, Persian, Turkish scientists and researches of Western European and Russian scientists since the 18th century. It is important to determine the linguistic and cognitive features of cosmonyms in these works. First of all, this gives full opportunity to think that it helps to reveal the ethnolinguistic and cognitive meaning of cosmonymic names. More than 200 years have passed since linguists began to study the problem of interlanguage communication in general. During this time, this problem has been comprehensively examined, and it is known how many different phenomena and types of it have found appropriate theoretical solutions. However, due to the fact that each nation has its own historical development path, interaction with other nations, and its unique features, this issue requires research on the basis of specific historical linguistic data. Therefore, in the article, a lexical and grammatical analysis of the cosmogonic name Tanyri, which among the Kazakhs - Allah, God, God, means the concept of one great creative power. Therefore, in the article, a lexical and grammatical analysis of the cosmogonic name Tanyri, which means the concept of one great creative power, among the Turkic languages – Allah, God is made.

Keywords: *lexicography, cosmonym, etymology, semantics, semasiology, theonym.*

Осыдан 70 жылдан астам уақыт бұрын қазақ тіл білімінің негізін қалаған тұңғыш ғалымдардың бірі, профессор-лингвист Қ. Жұбанов былай деп жазып кеткен еді: «Строение элементов речи имеет не только пространственный характер, т.е. эти элементы состоят не только из разных кусков, но и носят характер временной, т.е. состоят из разных кусков, влившихся в свое время и в различных исторических условиях, а потому в измененном виде носящих черты этих разных времен и условий. Поэтому такое строение словесного материала постигается историческим изучением...» (Жұбанов, 1999, с. 6).

Қазақ тіл білімі қайраткерлерінің бірі Қ. Жұбанов (1899-1938) аталған еңбегінде тіл элементтерінің тарихи қалыптасу жайын былай деп түсіндіреді: «Белгілі бір тайпалық немесе ұлттық тілдің диірменіне түскен тілдік элементтердің бәрі де сол жаңа ортада үгітіліп, әуел бастағы кейбір белгілерін өзгертіп, алғашқы лингвистикалық бейнесін құбылтып, жаңа кезеңде үстем болып отырған жалпы әлеуметтік стандартқа (қалыпқа) біртіндеп икемделе береді. Міне, осы жай көзге шалына бермейтін типтік өзгерістер сол тілдік құбылыстардың генезисін танып-білуге қажетті игі материал болып табылады.

Сол өзіне дейінгі барлық ұрпақтардан сүзіліп жеткен материалдар айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанына қарамастан, зерттеуші ілтипатына ілінгенге дейінгі бұлынғыр замандарда болған сөйленіс қалыптарын танып білуге мүмкіндік береді. Осы жайды қорыта келе ғалым мынадай параллель келтіреді: «Подходя таким образом, Энгельс видел в современных ему и ранних исторических формациях пережитки более отдаленного прошлого, когда он утверждал, что *«из-за римского рода выглядит ирокез»* (Жұбанов, 1935, с.10).

Зерттеудің негізгі дерегі есебінде жазба ескерткіштер емес, тірі қазақ тілінің өзінде бар материалдарды пайдалану қажет дегенде ғалым жазба ескерткіштерден мүлде бас тартпайды, тек олардың көмекші дерек көздері болатындығын ғана айтады да, өзінің табан тірейтін негізгі таяныш-деректері қазіргі тіл ішіндегі көне тұлғалар екендігін ескертеді. Бұның себебін автор былайша түсіндіреді: бірден-бір дұрыс қағида мынау – тіл дыбыстары сөзден тысқары өмір сүрмейді, сөз ішінде ғана болады. Олай болса, жекелеген нақты дыбыстардың тарихын нақты бір жеке сөздердің өзгеріске ұшырауы тарихынан іздеу қажет. Бұның өзі сөз жоқ, зерттеу жұмысындағы этимологиялық танымның үлес-салмағын көбейте түседі.

Ал енді жеке сөз дегеніміз тек жекелеген дыбыстардың тіркесімі ғана емес, сонымен бірге нақты бір мағыналардың ұясы да болып табылатындықтан және сол мағыналардың өзі де тұрақты, қатып қалған нәрселер емес, неше қайтара өзгерістерге ұшырап отыратын шамалар болғандықтан, жеке сөздердің тарихын білу үшін оны жекелеген мағыналардың тарихымен байланыстыра отырып қарастыру қажеттігі туады.

Алайда, сөз мағыналарының өзі де уақыт пен кеңістікке тәуелді түрде дамидықтан және ең бастысы – заттар мен құбылыстар адам баласының қоғамдық санасының жекелеген кезеңдеріндегі дүниетанымына сәйкес болатындықтан, заттар мен құбылыстарға берілетін атаулар да соған орай өзгеріп отыратындығын ескеруге тиіспіз. Демек онда кейбір жағдайларда идеология мен заттық мәдениет тарихына да едәуір мөлшерде бойлаңқырай барып, шолып шығу қажеттігі туады.

Осы мақсатқа сай ғалым тарихы лексиканы ретроспективалық жолмен талдау қажеттігін айтады. Оның өз сөзін келтірсек, зерттеу бағыты мынадай болмақ: «...порядок последовательности изложения не соответствует исторической последовательности появления и развития затронутых фонетических и др. категорий, а представляет до некоторой степени обратную последовательность: это объясняется тем, что более позднее (ближестоящие к нам по времени появления) категории бывают легковоспринимаемы» (Жұбанов, 1999, s. 13).

Осы теориялық тұжырымды басшылыққа ала отырып, біз алғашында «түркі-моңғол» тілдеріне ортақ субстрат-негіз болар деп шамалаған космогониялық көк тәңірі, жаратушы, аспан сияқты атауларға этимологиялық талдау жасадық. Ізденістің гипотезалық бағыты ретінде бұл тарихи лексиканы біз екі құрамды сөз ретінде қабылдадық.

Негізгі Бөлім

Біз нысанаға алған этимон жайында педагогика мақсатындағы ғылыми-атеистік әдебиетте жарық көрген исламиятқа дейінгі көне қазақ аңызының бір сюжеттік нұсқасын ұшыраттық. Жартылай мифологиялық сарындағы аңыз-әңгіменің мазмұны қысқаша айтқанда мынаған саяды: екі керемет – таң (ертеңгі шапақ) және іңір (кешкі шұғыла) кезектесіп, жер бетіндегі тыныштықты күзетеді-мыс. Олардың күзету кезегінің ауысатын мезгілі – күн ұясынан қонғаннан кейінгі қара көлеңке шақ - ымырт түсе болса керек. Жарық пен қараңғының бірін-бірі ауыстыратын осы өтпелі сәтінде жер бетін мекендейтін адамзат ұйқыға бой алдырмай, сергек өткізу тиіс екен орыс тіліндегі сумерничать – іңір қараңғысын бағып, бейуақытта үнсіз отыру – осы түсінікке ұштасады.

Өйткені, халық ұғымында атар таңды күн шықпастан бұрын тұрып қарсы алуға болатын болса да, батар күнмен таласып, қызыл іңір тарамай ұйықтауға болмайды. Кімде-кім түн қараңғысы әбден түсіп болғанын күтпей ұйықтап қалса, тәулік сайын таң мен іңір кереметтері күн қызыл сембей үлестіретін ризықтан құр қалады-мыс. Осы мазмұндас ұғым-түсінік қазақ тілінде сақталған «күнмен таласа жатпау» деген мәтелден де бой көрсетеді. Яғни күнмен таласа түрегелуге болса да, күнмен таласа жатуға болмайды. Осы келтірілген ежелгі наным-сенім қазіргі тілімізде қолданыста бар, кейінгі заманның: «ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» болып келетін қағидамен үндес.

Халық этимологиясы бойынша таң мен іңір атты құдыреті күшті екі кереметтің есімі үнемі таң-іңір болып бірге аталатын болғандықтан, жүре келе бұл екі сөз кірігіп, тәңір/тәңрі тұлғасындағы бір сөз ретінде қолданылатын лексикалық тұтасымға айналған. Осыған орай айта кететін нәрсе – таң шапағы мен қызыл іңірдің құбылыстары қазақтан басқа да көптеген елдердің аңыздарында жаратушы күштердің кереметі ретінде қабылданады. Тіпті, ежелгі мәдениет елдерінде таң мен іңірдің шұғылалары қиял-ғажайып құбылыстарының ғаламаттары ретінде әсіреленіп, ерекше поэтикалық бейнелері жағынан сирек ұшырасатын суреттер ретінде сипатталған (Амантурлин, 1972, s. 50-51).

Кейде ескеретін бір жайт, контекстегі сөздің негізгі мағынасы мен сөздіктегі мағынасы толық бір-бірімен сәйкес келмеуі де ықтимал. Негізінде энциклопедиялық

сөздік пен жалпы көпшілікке арналған түсіндірме сөздікті теориялық тұрғыдан бөліп қарастыру туралы ғылыми көзқарас та бар екенін еске алу орынды.

Кеңес үкіметі тұсындағы дәстүрлі құрылымдық грамматикада негізінен осы көзқарас үстем болған еді. Лексикографияның теориялық және тәжірибелік (практикалық) мәселелерімен айналысқан ғалымдардың көпшілігі осы көзқараста болған еді. Мәселен түркі тілдерінің лексикографиясының теориясын жасаушылардың бірі Ж.М. Гузев осы көзқараста болған (Гузев, 1984, s. 158).

Ғалымның пікірі бойынша, энциклопедиялық түсіндірмелерде көпшілік қауымға таныс емес материалдар танымдық тұрғыдан қарастырылатын болса, ал семантикалық анықтамаларда көпшілікке кеңінен танымал, түсініктемелі ғана қажет ететін сөздер мен терминдер қарастырылады. Біз қарастырып отырған атаулар бір қарағанда, қалың көпшілікке толықтай, таныс денотаттардың атауы болып көрінгенімен, олардың тарихи қалыптасу жолы мен сөздіктерде берілу сипаты өте күрделі, әрі терең зерттеуді қажет ететін тілдік материалдар деп есептейміз.

Гомердің атақты Жиһанкез Одиссейі жолдастарымен бірге жалғыз көзді дәу-циклоптың тұтқынында жатып, әрбір таңды үрейлене қарсы алады және таң шапағын Эос құдай келді деп суреттейді. Дастанның орыс тіліндегі аудармасында бұл жолдар: «С трепетом сердца мы ждали явления божественной Эос», немесе: «Вышла из мрака младая с перстами пурпурными Эос» деп берілген. Дастанның басқа бір жерінде өлеңнің осы жолы тағы бір қайталанғанда қара дүрсіндеу естілетін «вышла» деген сөз айқын бейнелі суреттеме түріндегі «встала» деген сөзбен ауыстырылады (Запалова, 1972, s. 258-260).

Майя жұртының ежелгі жазу мәтіндерін оқыған Ю.В. Кнорозов та көптеген құдайлардың аттарын мысалға келтірген (Кнорозов, 1975, s. 226-257). Я. Вольневич оңтүстік мұхиттағы аралдардан жинаған аңыздарында Тонга жұртының ең алғашқы ұлы көсемі Туи-Тонганың әкесі көк аспанды мекендейтін тангалоа (салыстыр. Инкілер құдайы – Тангар-оа) жайында жазады. Ол аспанмен таласқан зәулім бәйтеректің бұтақтарынан басып өзінің көктегі мекенінен жер түсіп, Тонганың бір жас қызымен көңіл қосады. Содан туған бала Туи Тонга (салыстыр. Түйе Тонга) жартылай адам, жартылай құдай нәсілді көсем болыпты, – дейді (Запалова, 1972, s. 145-146).

Ұшар басы көкке тиетін бәйтерек – вертикаль жүйелі ғарыш моделінің кіндік фигурасы. Көптеген аңыздарда зәулім ағаш ғарыш әлемін аспан, жер беті (ортаңғы жер) және жер асты мекені деп үшке бөлетін трихотомиялық ұғыммен астасып жатады.

Алғашында бүкіл әлемді жоғары және төменгі тіршілік деп екіге бөліп, одан кейін төменгі әлемді өлілер мен дүлей күш (хтонические демоны) иелерінің мекені деп, ал жоғары әлемді құдайлардың, кейін келе «о дүниеге» барғанда жаны жанатта болатын таңдаулы адамдардың мекені деп сипаттайды. Осы жоғарғы және төменгі әлемдердің аралығындағы жер беті тірі адамдар жайлаған мекен болғандықтан ортаңғы әлем немесе ортаңғы жер деп атау дағдысы Скандинавия елдерінің және Сібір халқының мифологиясында дәстүрге айналған.

Тігінен қарағанда ғарыштық деңгейлер әр алуын болып келеді: көкті тіреп тұрған бәйтеректің ұшар басында құстар ұя салады; ағаштың түбіндегі тамырларының астын жыландар мекендейді; бәйтеректің орта тұсында шөп қоректі жануарлар (ешкі, киік), кейде бұтақтан бұтаққа секіріп, тыным таппай жүретін, сөйтіп жоғарғы дүние мен төменгі жер асты тіршіліктерінің арасын жалғастырушы ақ тиіндер өсіп өнеді.

Ежелгі Майя жұртының ата-бабаларының әлем дегені – алғашында: нақ ортасында зәулім баған (діңгек) орнатылған орасан үлкен мекенжай, ал кейін келе: төрт бұрышында төрт бағаннан тіреу қойылған үй тәрізді. Басын көк тіреген баған «йокмал каан» әлем ағашы «мировое дерево» аталатын алып бәйтерек сипатында ұғынылған. Әлем ағашының ең бастысы (центральное мировое дерево) йаш-те «ең бірінші ағаш»,

салыстыр. жас-те (рек) немесе йаш-чеелкаб «әлемдегі бірінші ағаш» әртүрлі пішінде сипатталған: негізінен оны бұтақтары жайылған дәу ағаш деп, ал көбінше ол дінгегінің түп жағы жуан шеңберленіп келетін, қабығын өткір шегедей мық (тікен) басқан ғаламат бәйтерек түрінде суреттеледі.

Майя тайпаларының түсінігінше әлемнің кіндік ортасында сейба ағашы йаш-че «жасыл ағаш» өсіп тұрады екен. Оның көлденеңдеп өсетін көп қатарлы бұтақтарының көлеңкесі де мол болады. Дүниеде ең бірінші жаратылған адам – Иш-Аном «егіншілік құдайы Ша-нгом», Адам-ата сол йаш-чн ағашының жемісімен қоректенсе керек (Кнорозов, 1975, s. 245).

Түріктер тәңірі терек деп атайтын алып бәйтеректі мифологияда құдаймен байланыстыра көрсетудің тағы бір қажеттілігі «жоғарғы» және «төменгі» әлем деп аталатын ғарыш ұғымдарына байланысты болуы қажет. Өйткені, ежелгі діни ұғымдар бойынша жан иелері сол бәйтеректер арқылы «жеті қат» аспан және «жеті қабат» жер асты тіршіліктеріне қатынасып тұрады.

Мысалы, шумерліктердің діни наным-сенімдерін сипаттаған ағылшынның ғалым-археологы Сетон Ллойдтың пікірінше құдайлар пантеонын мекендейтін дүлей күштердің ішіндегі ең сұстылары Ану, Энлил және Энки деп аталатын үш ғаламат иесі. Ол былай деп жазады: «Думузи – бог плодородия, подобно листве, которую он представляет, «уходит вниз под гору» – умирает зимой. Весной богиня-мать вступает за него, и бог солнца Шамаш возвращается, чтобы снова привести Думузи на землю» (Ллойд, 1972, s. 29). Басқаша айтқанда сарғайған жапырақ «жер асты» әлеміне кеткенде көктемде қайта тіріліп, ағаштың бұтағында көк жапырақ болып көктеу үшін кетеді.

Әйтсе де көк пен жердің арасында жоғары төмен қатынап, сапар шегіп жүретіндер ғаламат күш иелері, немесе болып жатқан құдайлар емес, көне діннің айтуынша тек солардың елші-жаушылары саналатын шамандар, яғни бақсылар ғана. Олар әлем немесе «жаһан» ағашының бойымен өрмелеп, жоғары-төмен қатынап жүріп, адамдар мен құдайлардың, сондай-ақ жер мен көктің арасын жалғастырушы, тылсым күштер мен тіршілік иелерінің ортасындағы байланыстырушы немесе дәнекері бола алады.

Әзірбайжан ғалымы М.А. Сеидовтың айтуынша ғұн тайпасының ең басты құдайы Таңгрехан деп аталған. Ол жауынгерлердің пірі ретінде саналған. Ал зоомақұлық пішінді аруақтардың (Онгондардың) бірі ретінде терек ағаш та саналған. Автордың сөзін келтірсек: «Гунны верили, что великий Тангрехан и «красивое дерево» защищают страну; гунны приносили жертву дереву, в особенности крупным деревьям, в частности дубу» (Сеидов, 1970, s. 198) – деген. Ғалымның түсіндіруінше Таңгрехан деген есім сөз түркі тіліндегі Таңгры және хан деген екі түбір-негізден жасалған. Алғашында оның дыбысталуы тангругаган//тангруган түрінде болған деген жорамал айтады.

Қазақтың ислам дінін қабылдағанға дейінгі көне наным-сенімдері бойынша да ғарыш әлемінің моделін түсіндіретін жүйе ішінде мифтік зәулім теректің атқаратын ролі ерекше болса керек. Этномәдениет зерттеушісі Б. Ыбыраев өз тарапынан «қазақ арасындағы бақсылардың соңы болуы да ықтимал» деп санайтын Беркімбай деген адамнан жазып алған әңгімесінде мынадай дерек келтіреді: «...в центре мира высится первозданный Кок тобе (священная синяя небесная Гора), на вершине холма растет великий Байтерек (букв. Могучий Тополь), четыре ветви которого на каждом ярусе охватывают весь небесный свод. Корни дерева проникают через все уровни Земли до Нижних вод» (Ибраев, 1978, s. 56).

Зерттеушінің пікірінше, бұл келтірілген жүйеде ұшырасатын шикі кірпіш пен ұсақ плиталардан тұрғызылған сыры жұмбақ мұнаралардың да шешуші маңызы болғанға ұқсайды. Мұнаралардың жоғарғы жағына қаз-қатар ұзын сырықтар

шаншылып, олардың басы біріктіріліп күмбезделіп байланған. Тік сырықтар құс қонақтайтын көлденең керме ағаштарға жалғасқан. Көлденендеп майысқан сырғауылдарға әр алуан құстар келіп қонақтайды екен.

Бақсылар ол құстарды «о дүниелік болып кеткен адамдардың жаны» деп таныған. Биік баған тәрізді тікшіл мұнаралардың түбіне қыр қазақтары келіп түнеп, құрбандық шалып, көк Тәңірден өздерінің әр алуан сырқатын жазуды, перзент беруді тілеп, жалбарынады дейді. Кей жерлерде мұндай мұнаралардың жүйесі шартарапты білдіретін төрт баған түрінде жасалып (төрт құбыла), олардың күмбездері аспан түстес көк бояумен сырланады екен. Б. Ыбыраев бұндай мұнаралар жеті қабат жерді көк аспанмен тігінен жалғастыратын вертикальдар деп түсіндіреді.

Мифологияда баяндалатын көк пен жерді ажырату әктісі ғарыш кеңістігін тігінен немесе вертикаль бағытта танудың, оларды сапалық ерекшеліктері тұрғысынан сипаттаудың алғы шарттарын белгілеуге мүмкіндігін берген.

Ең көне мифологиялық ұғым-түсініктер бұрынша алғашында жер мен көктің арасы тұтасып, бір-бірімен ұласып жатқан. Сонда бұл екі ғарыш аралығына апаратын жол зәулім ағаштар, биік бағандар, аспанмен таласқан сеңгір таулар, біріне-бірі жалғаса атылған садақ оқтары, көктен жерге түскен күн шұғылалары, биікке өрмелеген тал басқыштар, сондай-ақ қазіргі тіліміздегі кемпірқосақ (Енекем қосағы – Ы. Алтынсарин) деп аталатын, ал ежелгі атауы көпір қосақ, т.б. болса керек.

Осы тәрізді қисын-модель бойынша жаһан ағашының кейінгі дәуірдегі баламасы «жаһан бағаны» (мировой столб) немесе асқар таулар да болып келеді. Бұл аталған көпірлер тек жер мен көкті жалғастырып қана қоймайды, сонымен бірге аспанды тіреп, жерге түсірмей тұрады екен.

Жер мен көкті немесе жоғары әлем мен төменгі әлемді салғастыра тану нәтижесінде тәңірі лексемасының мағынасы айқындала бастайды. Түркі халықтарының тіл деректерінде олар көне замандарда тұтынылған ескі діндердің аңыздарында белгілі дәрежеде бой көрсетеді. Мысалы, П.А. Фалеев қырғыздың айыбынды эпосы – «Манас» жырынан мысал келтіре отырып, сондағы Йер-йер болғандо, су-су болғандо «когда земля стала землей, когда вода стала водой» деген болжамдардан бұл жырдың бастауы Орхон жазуындағы Күлтегін ескерткішінің басталуына ұқсайтындығын ескертеді (Фалев, 1968, s. 50-51).

Қараңыз: Үзе көк тәңірі, асра йағыз йір қылынтуқда екін ара кісі оғлы қылынмыс «когда вверху возникло голубое небо, а внизу – бурая земля, между ними возникли сыны человеческие». Зерттеуші одан әрі: «...жырдың орындаушысы көне түркі ескерткішіндегі бастауды өз қалауынша өзгертіп, дағдылы модельдің космогониялық сипатын кейде төмендетіп, кейде ықшамдап береді де, Манас батырдың кейпін көне жырдың тіліне ұқсатып, аналогия жолымен: Манас – Манас болғандо, Манас атқа қонғанда, – деп қиыстырады (Фалев, 1968, s. 11).

Жоғарыда аталған еңбегінде профессор Қ. Жұбанов тәңірге тән көптеген сөз тіркестері мен сөз орамдары кейінгі заманда семантикалық архаизмге айналып кеткендігін атап көрсеткен. Оның айтуынша орыс тіліндегі меня лихорадит деген жақсыз сөйлем қазақ тіліндегі безгегім ұстады «меня держит мой безгек, т.е. меня лихорадит» деген грамматикалық құрылымнан көне болмаса, жаңа емес. Өйткені орыс тіліндегі осы ұғымды «я одержим безгеком (малярией)» деп те беруге болады. Бұл жердегі жақсыз етістік шын мәнінде үшінші жақты білдіреді. Оның бар айырмасы ежелгі грамматикалық құрылымда істің иесі немесе субъект көмескіленіп кеткен, сондықтан істі істеуші, яғни безгегін ұстатушы немесе ауруды жіберуші күш тасада тұр.

Ғалым аты аталмай тұрған бұл жердегі іс иесі адам баласының ойлау дәрежесінің түрлі деңгейлеріне сәйкес әр заманда өзінше, бірде – тотем ретінде, енді

бірде – жын-пері немесе тіпті, тәңірінің өзі, т.б. деп қабылдануы мүмкіндігін айтады. Осы ойының салыстырмалы дерегі ретінде Қ. Жұбанов неміс тілінен *es regent*, грек тілінен *vel* деген мысалдарды келтіріп, оларды қазіргі кезде «күн жауып тұр» деген мағынада қолданылғанымен, шын мәнінде әуел бастағы семантикасы бойынша күнді бір құдай жауғызып тұр «дождит некое божество» деген ұғымды білдіреді дейді.

Ғалымның пайымдауынша, адам баласы анимизм санасына жеткенге дейін күнді жауғызушы күш тотем деген сенім үстем болып келген. «Сондықтан да, – дейді автор – Гомердің жазбаларында *vel dapa Zevs* «А Зевс дождил» деген тіркес екі рет ұшырасатындығын, сол секілді латын тілінде *Zue tonante* «Когда Юпитер гремел» деген қолданыс бар екенін ескертеді.

Бұл мысалдардағы істің иесі немесе субъекті Зевс пен Юпитер екендігі тасаланбаған. Скифтердің шет елдік мәдениетке қалай қарайтындығы жайын баяндағанда, тіпті, реалист тарихшы Геродоттың өзі де осы тәрізді семантикалық архаизмді қолданатындығын айтып, Қ. Жұбанов Геродот жазбаларынан мынадай дерек келтіреді: В этот-то дом божество метнуло огненную стрелу, так что он весь сгорел «Тап сол үйге тәңірінің өзі жалындаған жебесін атқандықтан, үй дымы қалмастан жанып кетті». Өзінің ойын қорытындылай келе ғалым мынадай тұжырым айтады: «Таким образом, архаизмы в семантике, как и архаизмы в синтаксисе, морфологии и фонетике, присущи не только отсталым языкам; они есть во всех языках, даже в самых развитых» (Жұбанов, 1999, с. 7-8).

Орта ғасыр түркілерінен бастап біздің заманымызға дейінгі лингвистикалық әдебиеттерде біз қарастырып отырған семантеманың қолданысы жан-жақты түсіндіріліп келеді. Мәселен, М. Қашқари сөздігінде тәңірі сөзінің 1) «құдай»; 2) «аспан»; 3) «ұлы» деген үш түрлі мағынасы берілген (Кашғари, 1960, с. 87)

В. Радлов сөздігінде осы сөз осман түркілері, қасым татарлары және АТ, яғни түркі алфавиті деген қосымша түсінікпен үш түрлі таңбаланады: таңры, таңгры және тәңрі. Бұның алғашқы екеуі неміс тілінде *Gott* «құдай» деген бір ғана мағынамен, ал көне түркінің тәңрісі әрі «*der Himmel* (аспан)», әрі «*Gott* (құдай)» деп аударылған (Радлов, 1893, с. 24).

Бір айта кететін нәрсе ғалым көк тәңрі деген изафетті құрылымды «бог тюрков» түрінде береді. Осы анықтаманы мысалы ретінде ол таңгры бабай кукрата (гром гремит), өз сөзімен айтқанда: «дед Таңгры разразился громом» деген түсінікпен қасым татарларының мұсылманшылыққа дейінгі дәуірінен қалған көне нанымын келтірген. Түркінің таңры сөзінің мысалы ретінде таңрының гуну «каждый день» деген фразаны және Таңрыдан қорққан құлдан қорқмаз «кто боится бога, тот не боится раба, т.е. раба божьего» – «тәңірден қорққан тәңірінің құлынан қорықпас» деген мақалдың пайда болуымен түсіндіреді. (Кашғари, 1960, с. 832).

Қазіргі түркі тілдерінде тәңрі атауы тілдік тұрғыдан негізінен біркелкі қолданылады. Тек олардың таңбалануында кейбір фонетикалық ауытқулар бар. Мысалы: тат. таңры; түр. таңры; қаз. тәңрі т.с.с. Шоқан Уәлиханов осы сөзді бірде тәңгри, екінші бір ретте тенкри түрінде жазып, таңбалаған. Мүмкін бұл сол кезеңдегі орфографиялау принциптерінің жетілмегендігінен де болар деп есептейміз. Оның орфографиясы «Монғол-орыс сөздігіндегі» графикалық беріліске жақын, қараңыз: Тэнгэр «небо», сонымен қатар бог «құдай» (Михайлова, 1940, с. 166).

Мұның өзін кейде диалектілік ерекшелік ретінде де тануға болар еді. Тіліміздегі жергілікті ерекшеліктерді қазақ диалектологиясында ғылыми тұрғыдан сараланғаны белгілі. Диалектілік сөздіктерде олардың саралануының, белгіленуінің өзіндік жолы мен жүйесі бар.

В.П. Васильев зерттеулерінде айтылғандай, моңғолдың тэнгэр сөзі мен қытайдың тяньли атауы «аспан» деген бір ғана ұғымды білдірген; қытайша тянь

«аспан», ли «күдіретті күш» (монгольское тэнгер и китайское тяньли выражают одно и то же значение «небо», тянь «небо», ли «могущество») (Васильев, 1897, s. 6). Сөйтіп ол қытайдың тяньли деген сөзін тылсым күш, табиғаттың жұмбағы, әуел баста тәңрі «жаратқан, сыры беймәлім күдірет» дегенді білдіреді деп қарастырады.

П.И. Палладий (Кафаров) пен П.С. Поповтың «Қытайша-орысша сөздігінде» дыбысталуы жағынан осы тяньли сөзіне келіңкірейтін қытайдың тағы бір тянь эррь деген сөзі берілген. Бұл сөз орыс тілінде «небесные уши, дар всеслышания» деп аударылған (Палладий, 1888, s. 33). Басқаша айтқанда, бұл түсініктеме «тәңірінің құлағы, әлемдегінің бәрін есту қабілеті» деген мағынаны береді. Бұл жағынан оның семантикасы қазақ тілінде жиі айтылатын «сыбырлағанды құдай естімей ме?» деген мәтелге (сентенцияға) келіңкірейді. Бірақ, біз өзімізге тосындау көрінетін бұл лексика-семантикалық құрылымды құрастырып отырған тәңірі семантикасымен толық сәйкеседі деген тұжырым жасай алмаймыз.

Көне қыпшақ тілінің тағы бір ескерткішін зерттеген Т. Арынов былай мәлімдейді: «В Ат-тухве имеется несколько слов китайского происхождения. Науке известно, что слово тәңірі состоит из двух корней: тянь «небо» и рин «человек» (Арынов, 1983, s. 37). Бұлайша тәржімалағанда қытай тіліндегі тяньрин сөзі «аспан тұрғыны» (небожитель) деген мағынаға ие болатын тәрізді. Алайда, біз зерттеушінің мұншалықты үзілді-кесілді тұжырымымен түбегейлі келісе алмаймыз.

Ақын әрі қоғам қайраткері О. Сүлейменов түркі тіліндегі тәңірі сөзі ежелгі шумерлердің күн тәңірісінің атауы ретіндегі тенгри (дингир, тингири) сөзіне қатысты деп қарайды. Шумер және түркі тілдерінің өзара қарым-қатынасын діні бір жұрттардың «мәдени туыстығынан» өрбіген деп білетін автор құдай және адам деген сөздердің семантикалық ұяларын салыстырады. Оның бағалауынша, шумер тіліндегі «кұдай, аспан» деген мағынаны білдіретін дингир (демер) сөзі түркі тілдеріндегі «кұдай, аспан» дегенді білдіретін дингир~тегри~дангир~тенир~танир сөздеріне ұқсайды және ол жалпы түркілік құдай-аспан дегенге саяды (Сулейменов, 1975, s. 178).

Бұл ұқсастықтан сыртқары қалатын бір ғана мысал чуваш тіліндегі тенгир сөзі. Ол теңіз дегенді білдіреді. Ал шумер тіліндегі өзен атауы болып табылатын тингир~тигир сөздерін аталған автор түркі тіліндегі тенгиз~тениз, денгиз~дениз болып айтылатын мағынасы жағынан «теңіз немесе үлкен өзен» деген ұғымды беретін сөздермен салыстыруға болады деп есептейді. О. Сүлейменов былайша топшылайды: «...переход значений небо-море возможен и подтверждается примерами из языков. Чередование чувашского “р” с общетюркским “з” системно» (Сулейменов, 1975, s. 241). Зерттеушінің бұл топшылауына орай мынаны айтуға болады: «Тіл мамандары ертеден-ақ сөз соңында келетін сонор “-р” дыбысын оның сәйкестігі болып табылатын “-з” дыбысымен егізделіп бинар қолданылатын сыңарлар ретінде қарастырады. Оны қазақ тіліндегі *өгіз~өкір*, *көз~көр*, *семіз~семір* үлгісіндегі есім-етістік жұптарының семантикалық өрістерінен аңғаруға болады. Топонимист-лексикограф Э.М. Мурзаев тәңір~тәңіз лексика-семантикалық бірлестігін бір семантика деп түсінеді және олар негізінен тек «теңіз» деген мағынаны ғана білдіреді деп есептейді (Мурзаев, 1984, s. 549). Осы құрылымдарды жіктей келе, аталған ғалым біртұтас теңіз ұғымын білдіретін тунгус-манчжур тіліндегі тонгер, көне түркілік тәңгіз-тәңгір семантемаларының түбір морфемасы орал тіліндегі *то-*, хакас тіліндегі *ту-* болуы керек деген жорамал айтады (Мурзаев, 1984, s. 554).

Аспан көк ұғымын беретін (теоним) тәңірі сөзінің ежелден-ақ түркілік тұлға екендігін қайткен күнде де дәлелдемек болған Б.И. Татаринцевтің де ғылыми тұжырымдарына мән берген орынды (Татаринцев, 1984, s. 78).

Ол өзінің түркілік Аспан (тәңірі) атауының пайда болуы және оның сәйкестіктері жайындағы мақаласында тіл алды дыбыстарымен айтылатын тәңірі және

тіл арты дыбыстарымен айтылатын танры варианттарын зерттеу объектісі ете отырып, осы этимондардың соңғы – дыбысына бітетін және соңғы дыбысы *-a*, *-e*, *-i* болып бітетін нұсқаларын келтіреді.

Осылай ізденудің нәтижесінде зерттеуші тіл арты дыбыстарымен айтылатын жуан сынарға қарағанда, тіл алды дыбыстарымен айтылатын жіңішке сыңарының көне әрі ежелгі болуы мүмкін деген пікір айтады. Ал соңғы дауысты *-i* (*-ы*, *-ұ*, *-а*, *-е*) дыбысына аяқталатын тұлға семантикалық жағынан тәңір болып айтылатын атаудан гөрі биігірек ұғымды (мәселен, аспан, құдай) білдірген деген байлам айтады (Татаринцев, 1984, s. 80). Сондықтан да автор түркілік тәңірі тұлғасын, оның көне шумер тіліндегі ұқсас сынарларымен салғастыра қарастырудан бас тартады.

Б.И. Татаринцев бұны былай түсіндіреді: «...если такие контакты были реальностью, то тюркская форма типа тәңір (возможно также и тіңір) уходит в глубь тысячелетий» (Татаринцев, 1984, s. 75). Ол сондай-ақ тәңірі атауының түркі-моңғол тілдеріне ортақ түркі түбірі тең- деп қарастыратын С.Ш. Чагдуровтың жорамалымен де келіспейді. Соңғы аталған автор тәңірі лексемасының соңындағы *-p(i)* формантын алып тастағанда л-ның беретін мағынасы «тең (тепе-тең), дәл орта немесе орта тұс», «аспан әлемінің жартысы», «зәулім көк (зениит)», «жарық (нұр, шапақ) иелерінің мекені» (салыстыр: бур. удэрэй тэнг «талтұс» болады деп меңзейді.

Ал Б.И. Татаринцев әріптесінің тәңір түбірінің соңғы *-p* формантын ажыратып алуы негізсіз деп біледі. Бірақ содан кейінгі реттерде оның өзі де ежелгі түркі тілінің деректерінде ұшырасатын есім-етістік негізді тең- түбірін осылайша бөліп алып қарастырады.

Белгілі зерттеуші А.М. Харитоновтың көне түркілердің ежелгі отанын анықтауға бағытталған еңбегіндегі мына жорамал біздің назарымызды аударды: «С Шумером связывает древних тюрков наличие божества, именуемого Тенгри, при шумерском dingir «бог». Кроме того, в составе окружающих шумеров народов выделено племя турукки. И хотя И.М. Дьяконов призывал ни в коем случае не считать их тюрками, само это имя все возможно и дало начало имени тюрк. Оно близко с основой тарх, часто встречающейся в мифологии различных индоевропейских народов (Таргитай, Тархун и др.). Возможно, что имя турукки перенесено шумерами с их прежней родины (вероятно из районов современной северо-западной Сирии)» (Татаринцев, 1984, s. 77).

Ал Н.К. Антонов жорамалы бойынша тәңір лексемасы тан ері «муж зари» деген екі түбірден біріккен деген этимологияға қарсы шығуын біз бір ғана тұрғыдан қуаттаймыз. Атап айтқанда, бұндай болжам ел ішіндегі аңыздар қатарына жатады деген тұжырымға ғана қосыламыз. Бір ескеретін жайт Б.И. Татаринцев басқаларды құптағанда емес, қайта теріске шығарған тұстары ақиқатқа жақынырақ болып келеді. Өйткені, оның әр түрлі болжамдарға қарсы келтірген дәлелдемелері алдымен өзінің ұстанымдарын жоққа шығарады.

Кейде ол өзінің іштегі ойын сыртына шығара отырып, соған дейінгі өзі топшалаған дәйек пікірлеріне өзі қайшы ой айтады. Қараңыз: «...преобразование переднерядных вариантов типа тәңірі...в заднерядные (по крайней мере, в части подобных случаев) могло быть вызвано сближением этих вариантов со словом таң (заря) и их контаминацией с последним» (Татаринцев, 1984, s. 79).

Автордың бұл топшылауы ақиқаттан ауытқып, кері бағытқа құрылған. Тіл алды вариантының тіл арты вариантына айналуы деген қисынның осының керісінше бір кездегі көмейлік тіл арты варианттарының таң- кейінгі тіл алды -тең вариантқа ауысуы деген тәртіппен ойластырса, оның қисыны логикалық жағынан анағұрлым дәйекті болар еді.

Алайда бұл айтылғандар ұсақ-түйек ескертулер. Зерттеушінің жансақ топшылауға ұрынған тұсы, біздіңше, оның төмендегі тұжырымында жатыр деп білеміз.

Ол былай деп жазады: «...многосложность, якобы не свойственная древним основам (по Антонову), также не может служить убедительным доводом в пользу сложного слова, ибо таковым может быть и аффиксальное образование» (Татаринцев, 1984, s. 79). Бұл тұжырымнан автордың ежелгі түркі заманындағы көптеген аффикстердің өзі ол кездерде дербес лексикалық бірліктер (сөздер) болуы да ықтимал екендігін ескермейтіндігі байқалады. Басқаша айтқанда зерттеу нысанасына алынып отырған этимон әуел бастан-ақ «түркі заманында қалыптасқан» деген Б.И. Татаринцевтің ұйғарымы содан кейінгі жаңсақ пайымдауларға да мұрындық болған.

Бұның айқын көрінісін біз оның мынадай үзілді-кесілді тұжырымынан да көреміз: «Тот факт, что в отдельных случаях в слове нарушается гармония гласных, не может считаться аргументом в пользу этимологии, предложенной Н.К. Антоновым. Это свидетельствует лишь об ослаблении сингармонизма в некоторых языках (напр., в караимском и сарыг-югурском)» (Татаринцев, 1984, s. 79).

Сөйтіп біз сілтеме жасап отырған зерттеуші белгілі бір этимонның түпкі түбірін айқындауда ескерілуге тиісті құбылыстарды, яғни дыбыс редукциясының толып жатқан заңдылықтарын, гаплогиялық қысқарымдарды, элизияның әр алуан түрлері, олардың түбір морфемалардың тоғысында дисгармонияланған дыбыстар арқылы дистрибуциялық дабыл беретін жағдаяттар назардан тыс қалған; қай заманда болмасын сөзжасам тек аффикстер арқылы болған деген қасаң түсінік сөйлеу элементтерінің лексикалануында болатын басқа да тәсілдерді тасада қалдырған.

Мәселен, бұл ретте түбірлес сөздердің редупликациясы, синонимдердің қайталамасы, ұйқас құрайтын қос сөздер тәрізді гендиадис түрлерін қатерге алмау этимологиялық танымдардың байыптылығына шүбә келтіреді. Бұл жөнінде Г.И. Рамстедтің өзі де былай ескерткендігі мәлім: «Вряд ли приходится сомневаться в том, что всем алтайским языкам, имевшим древнюю народную литературу, свойственно было особое пристрастие к синонимическим повторам и рифмуемым парным словам. Нужно лишь обратиться, например, к казахским текстам в труде Радлова, чтобы найти этому подтверждение» (Рамстедт, 1957, s. 222).

Г.И. Рамстедт ескертпелерінің ішінде барлық замандарда моңғол тілдерінде де, түркі тілдерінде де дерексіз есімдер (abstrakta) идеясы жағынан қарама-қарсы келетін ұғымдарды қосарлап айту жолымен берілген, мысалы: ұйғ. ұлұғі-кічігі «величина», моңғ. йеке «баға» то же, что моңғ., халх. хүтен-халүн «температура» дейтін пікірлері құнды деп білеміз. Осы жайында пікір білдірген А. Габэн бұл тәрізді қолданыстардың түпкі төркіні қытай тілінің үлгілеріне саяды дейді (Рамстедт, 1957, s. 223).

Қорытынды

Әрине, біз түркі-моңғол тілдеріндегі қарама-қарсы идеялардың синтезі болып табылатын дерексіз есімдердің түпкі төркінін А. Габэн айтқандай «қытай үлгілерінен» қарастыру керек деген пікірдің дұрыс-бұрыстығын тап басып айта алмаймыз. Бірақ, осыған қатысты бұлтартпайтын бір шындық мынау: таң (танг, тянь, тең-, тен, т.б.) тәрізді қытай тіліне де, түркі-моңғол тіліне де ортақ субстрат сөздер «таң шапағы» деген ұғымды білдірумен бірге, өзінің семантикалық табиғатында, сонымен қатар, жоғары-төмен деген қарама-қарсы идеяларды да білдіретіндігін, сөйтіп «аспан көкті» жер асты әлемімен жалғастырып тұратындығы жайлы ежелгі ұғымдарға қатыстылығын атап көрсетпекшіміз. Бір қарағанда осы аталған лексика-семантикалық ауыс-түйістердің болуы шындыққа сай келмейтін тәрізді. Алайда, ғылым әлемінде кейінгі кезде табылған жаңалықтарға қарасақ, әлемдегі неше алуан өркениеттер арасындағы байланыс тым ертеде басталған сияқты.

Біз қарастырып отырған сөздіктерде тәңірі атауына қатысты сөздер жиі кездеседі. Бұл атауларды зерттеудің негізгі мәні халықтық дүниетанымнан мол хабар

беретіндігімен қоса, қазіргі таңда ұмыт бола бастаған халықтық мол түсініктердің сақталып қалуымен де байланысты. Сөздікте кездесетін тәңірі атауының мағыналық құрылымы терең, көбінесе түркі халқының таным-түсінігімен астасып жатады. Сондықтан, біз бұл атауларды когнитивтік негізде де саралауға талаптандық.

Тілдердің өзара қарым-қатынасы, бір-бірімен байланысы тіл біліміндегі күрделі проблемалардың қатарына жатады. Тілдегі ауыс-түйістің көбісі лексика саласында болғандықтан, оған тарихи лексикографиялық еңбектердің де тікелей кейде жанама түрде қатысы бар деп есептейміз. Әрбір халықтың өзіндік тарихи даму жолу, басқа халықтармен араласу сипаты, өзіне ғана тән ерекшеліктердің болатынына байланысты, бұл мәселені нақтылы тарихи лингвистикалық деректер негізінде зерттеуді талап етеді.

Қаунаққа

- Амантурлин, Ш.Б. (1972). *Атеистическо-просветительская работа по преодолению суеверия ислама и шаманства*. Автореф. дис.канд.пед.наук. Алма-Ата.,
- Арынов, Т. (1983). *Лексико-семантические и стилистические особенности языка "Китап ат тухфа аз-закия фил-лұғат турк"*. автореф. дис.канд.филол.наук. Алма-Ата.
- Васильев, В.П. (1897). *Китайские надписи на орхонских надписях в Кошоцайдаме и Карабалгасуне*. СПб.
- Гузев, Ж.М. (1984). *Проблематика словника толковых словарей тюркских языков*. Нальчик.
- Жұбанов (1999). *Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер*. Ғылым басп.
- Жұбанов, Х.К. (1935). К постановке исследования истории фонетики казахского языка, *Труды Казахского института национальной культуры*.
- Запалова, Т.С. (1972). *Одиссей у циклопов*. Родная литература. М.
- Ибраев, Б. (1978). *Космогонические представления наших предков, Декоративное искусство СССР*. № 8.
- Кашгари, М. (1960). *Девони лугат-ит тюрк*. Ташкент
- Кнорозов, Ю.В. (1975). *Иероглифические рукописи майя*. М.
- Ллойд, С. (1972). *Реки-близнецы*. Пер. с англ. М.
- Михайлова, Г.Н. (1940). *Монголо-русский словарь*, под. ред. М.
- Мурзаев, Э.М. (1984). *Словарь народных географических терминов*. М.
- Палладий, П.И. (Кафаров), Попов П.С. (1888). *Китайско-русский словарь*. Пекин.
- Радлов, В.В. (1893). *Опыт словаря тюркских наречий*. СПб, Т.3. - 1047-1048.
- Рамстедт, Г.И. (1975). *Введение в алтайское языкознание*. М.
- Сеидов, М.А. (1970). *Заметки о гуннской мифологии*, СТ, № 2.
- Сулейменов, О. (1975). *Азия*. Алма-Ата.
- Татаринцев, Б.И. (1984). *Происхождению тюркского наименования неба (таңри) и его соответствий*. СТ.
- Фалев, П.А. (1968). *Как строится кара-киргизская былина, "Манас" героический эпос киргизского народа*. Фрунзе, № 7.

Extended Summary

Investigating the philosophical (dialectical) aspect of language in terms of semantic shifts and changes requires historical context. However, the history of language cannot solely rely on written records. Therefore, it often necessitates utilizing materials preserved within the language itself. Because the data preserved within the language comprises the entire historical development path of humanity, encompassing ancient civilizations' knowledge and even the worldview of past eras. This theoretical framework initially led us to establish a common substratum basis for the "Turkic-Mongolian" languages, attributing cosmological terms, creator, and celestial designations to etymological analysis.

In exploring this hypothesis, we have accepted historical lexicon as two constituent words. Given that according to folk etymology, the combined term for frost and icicle, "tang-inir," is often referred to as a single term due to its usage in the lexicon of the

heavens/deity, specifically in the word "tangir/tangri." Upon examination, when these terms are closely scrutinized, their usage in both historical formations and dictionaries appears very consistent and requires thorough linguistic material for analysis.

The concept of the world denotes humanity's perceptions of the observed world. The observed world represents the relationship between human beings and their environment, while the concept of the world represents the information about humans and their environment resulting from intellectual processing. The world's nature is described as "unstable, yet dynamically adaptable." The issue of linguistic representation of the world in the current era is actively being studied by scholars such as Yu.M. Karaulov, E.S. Kubryakova, V.I. Postovalov, V.N. Teliya, E.D. Suleimenova, A.A. Ufimtsev, and others. Their efforts are directed towards resolving issues of social and cultural interaction, requiring the identification of specific values with the help of information formed in concepts.

Common denominations in Turkic languages provide clear information about the world. Through their characteristics, their meanings can be elucidated via semantic analysis. In each national language, the world and universe are described through various linguistic facts, enriching the logical presentation of the observed world in human consciousness. The distinctiveness among the categories of concepts significantly influences the fullness of lexemes creating categories among concepts. Thus, when these concept types are interconnected in lexicons, they enable the recognition of national characteristics from the linguistic representation of the world.

The article focuses on linguistic analysis and semantic exploration of historical vocabulary, particularly focusing on the cosmic term "tangiri" in Turkic languages and its significance. By delving into this topic, we recognize the importance of historical lexical works such as the Orkhon-Yenisei inscriptions, the contributions of ancient Arab, Persian, and Turkic scholars, as well as research from Western European and Russian scholars since the 13th century. The linguistic and semantic significance of the cosmological terms in these works is critical. Understanding the cognitive and ethnolinguistic significance of these terms aids in shaping the worldview of contemporary societies, particularly within the Kazakh language.

Looking at recent developments in scientific research, it is evident that the relationship between various civilizations has long been a subject of interest. We notice significant overlaps in the vocabulary we have examined. These terms not only provide essential information about the worldview but also reflect the preserved beliefs of the modern population, who have begun to forget certain aspects. The semantic structure of the words encountered in the lexicon is closely linked to the understanding of the national consciousness of the Turkic peoples. Hence, we are compelled to analyze these terms from a cognitive perspective.

Since the early days of linguistic research, various methods have been employed to study the issue of linguistic interrelations, including synchronic-description, comparative-historical-diachronic, lexical-semantic, structural-grammatical, and analytical-cognitive approaches. The study of cosmonyms in Turkic languages, within a comparative-historical framework, was supported by scientific contributions, ancient Turkic and medieval manuscript sources, providing materials relevant to contemporary Turkic languages.

The dictionaries we analyzed frequently contain words related to the name Allah. The main point of analyzing these names is not only to provide a lot of information about the worldview of the people, but also to preserve many popular concepts that are now almost forgotten. The meaning structure of the names of gods in the dictionary is deep and often confused with the knowledge of the Turkish people. This is why we insisted on distinguishing these names on a cognitive basis.

The relationship between languages and their communication with each other is one of the most complex problems of linguistics. Since most of the changes in the language are in the field of vocabulary, we believe that historical lexicographical studies are directly and sometimes indirectly related to the language. Since each nation has its own historical path of development, interaction with other nations and its own peculiarities, this issue requires research based on specific historical linguistic data.